


ӨНЕР ТАРИХЫ

Ерте Христиан өнері





Ерте Христиан өнері Рим империясының шашамен б.з.д. I басынан басталып, сонау Византия империясының негізі қаланғанға дейінгі уақытты қамтиды. Ерте Христиан өнері деп отырғанымыз қандай өнер. Тарихта бұл кезең қалай аталды? деген сұрақтарға жауап іздейтін боламыз. Аты айтып тұрғандай христиан дінінің ең алғашқы кезеңдерін, қоғамда әлі де болса орныға қоймаған уақытындағы өнердің өзінше бір сипат алған кезеңін қарастырады.

XVI ғасырда Рим маңында бір топ жұмысшылар көне жолдың қасында жұмыс жасап жатып, бір ескі жерасты жолына тап болады. Ішіне енгеннен кейін оның жәй ғана жол немесе галерея емес, зират екенін анықтайды. Бұған дейін Рим территориясында мұндай жерасты жолының бір ғана үлгісі болған болатын. Ол әулие Себастьян шіркеуінің астында орналасқан катакомба. Катакомба деп аталуы дәл осы зиратқа кіреберіс жерде «Ad catacumbas» деген жазу бар еді, яғни бұл сөз «зиратқа түсер еңіс» деген мағынаны білдіреді. Содан бастап көптеген ғалымдар б.з.д. I ғасырдан б.з. V ғасырына дейінгі аралықты қамтитын өнерді катакомба өнері немесе ерте христиан өнері деп атайды. Ерте Христиан өнерінің ең бір айрықша, дамуында көп кедергілер болған тұсы Рим империясының әлі де болса, күйремеген уақытында пайда болуында еді.

Рим империясы тоқырау алдындағы дағдарысты басынан кешіріп жатты. Дін жағынан алауыздықтар, түрлі көзқарастар Римнің ішкі рухани жағынан құлдырауына әкелуде. Осы кезде христиан діні де Рим Империясында бой көтеріп, әлі де ресми тұрғыда бекімеген болатын. Бекімеген дін әрине қолдауды да таппайды. Сондықтан дін астыртын, жасырын, тым құпия түрде жүзеге асты. Катакомба, яғни зираттар осы кезде христиан дінін ұстанушы бауырларға өз дінін насихаттау үшін, оны тарату үшін және де бауырластар болып жиналып дұға жасап, бір-біріне таныстыру үшін қажет болды. Алғашында әрине бейнелеу өнеріне көп жүгінген жоқ, дінді шартты түрде белгілер арқылы жеткізді. Өйткені катакомба сонау Рим заманынан тек қана зират болып табылатын. Сондай-ақ, жәй ғана зират емес отбасылық зират болатын.

Мұндай отбасылық зираттарда иудейлер өздерінің отбасы мүшелерін жерлеген. Мүрделерді жерге көмбей, жертөле ретінде қазылған зираттардың қабырғаларына қойып қоятын. Оларды алдын ала мумиялап, сосын барып қабырғадан арнайы қазылған сөре секілді «кубикулаларға» жатқызатын. Туысқандарын сағынған кезде немесе оларға дұға тілеген кезде сол отбасылық зираттарға барып салт-жоралғыларын өтеп, рәсімдерін орындап отыратын. Сонымен қатар, катакомбалар христиан дінінің белең алуына байланысты, христиандардың жасырылатын орнына айналды. Билік тарапынан қудалауға ұшырап, христиан дінінің өкілдерін аяусыз жазалап жатқан кезде, оларға міндетті түрде жасырылатын бір орын керек болды. Кейін христиан дінінің ауқымы кеңейіп қанатын жая келе, мұндай катакомбалардың қызметі, орны кеңейе береді. Бүгінгі күні ғалымдар қазіргі Рим территориясының астынан 150 км-ге созылатын осындай катакомбаларды анықтады. Олардың ең көнесінің жасы 2000 жылды құрайды екен. 60-қа тарта катакомба Рим территориясының астында бір-біріне жалғасып кеткен. Олардың кейбірінің шегарасын анықтаудың өзі мүмкін емес. Көлемін үлкейте келе мұндай галереялар бір-біріне жалғасып кеткен. Олардың ішінде кем дегенде 750 мың зираттай орын алған еді.

Катакомбаларды ұдайы пайдалану б.з. V ғасырына дейін қолданыс табады. Алайда V ғасырдан X ғасырға дейін Византия Империясы құрылып, христиан діні Еуропада ресми дін деп танылған уақыттан бастап ол мінәжат ету орнына айналады. Миссионерлер мен дін таратушылар осындай катакомбаларға белгілі бір уақытта құлшылық жасап тұратын. Ал X ғасырдан бастап катакомбалар мүлде назардан тыс болып ұмыт қалады. Тек қана кездейсоқ болған жағдайда XVI ғасырдағы жұмысшылардың арқасында катакомбалар табылып, көпшіліктің қызығушылығы мен оларды зерттеуге деген сұраныстарды арттыра бастайды. XVI ғасырда дінбасылар осы катакомбалар туралы зерттей келе, Ватикан кітапханасынан архивтік мұрағаттан деректер табады. Бұл деректер арқылы катакомбалардың тосыннан пайда болмағанын, христиан мәдениетінің қалыптасуында олардың зор рөл ойнағаны белгілі болады.

Бұл катакомбалар христиан бейнелеу өнерінің қалыптасуында қаншалықты маңызды болды және Батыс Еуропа бейнелеу өнерінің қалыптасуында қандай рөл ойнады? деген сұраққа жауап іздеп көрейік. Катакомбалардың қызметі мен маңыздылығы артып, олардың іші кеңейген сайын ішкі интерьерін безендіруге деген де талап туындайды. Ең алдымен дінде жетекшілік еткен, әулие деп танылған тұлғаларға арналған бөлмелер жасалады. Мұндай тұлғалар катакомба ішінде жерленгісі келетін басқа да халықтар секілді кубикулаларда жерленбейді. Олар өздеріне арнайы жасалған бөлменің ортасында орналасқан саркофагке жерленеді.



Саркофаг бұл тас плиталардан құрылған, тіктөртбұрыш пішінді табыт. Саркофагтардың сырты міндетті түрде әртүрлі сюжетті бейнелермен бедерленіп, мүсінделіп отыратын. Әсіресе, саркофаг қабырғаларының орталық тұсында гректік «Хи» және «Ро» әріптерінің қосындысынан тұратын екі әріптің композициялық өрнегі орналасқан. Бұл Христостың символдық белгісі болды, яғни Христос деген сөздің символына айналған болатын.

Катакомба өнері саркофагтарда қарқынды түрде дами бастайды. Саркофагтар мен кескін-демедегі композициялық құрылымдар бір-бірін қайталап, жалғас тауып, өзара байланысады. Осындай діни жетекші тұлға жерленген бөлменің ішін кескіндемелік фрескалармен безендіру қалыптасқан еді. Әрине бұл кездегі кескіндемелік туындылар Грекияның классикалық үлгісінен шабыттанған Рим өнеріне немесе эллинистік өнерге мүлде ұқсамайды. Өйткені сурет салып отырған адамдардың суретші емес, ең алдымен діни қызметкерлер екенін ұғамыз. Адам денесі кескіндемелік туындыларда мейлінше шартты бейнеленіп, барынша тұспалданып көрсету басымдық танытты. Мұндай кескіндемелердегі орталық фигура бүкіл композицияның ортақ идеологиялық күші болып табылатын шопан бейнесінде шешім табатын. Ерте христиан кескіндемесі ең алдымен символдық қызмет атқарды. Символдық шешім табуы діннің әлі де болса, өзі туралы айғайлап айтуына болмайтынын білдіретін. Оны тек тұспалдап астыртын ғана жеткізу керек. Сол себепті суретшілер ежелгі антикалық мифологияда қалыптасқан құдайлардың бейнелерін, кейбір детальдарын негізге ала отырып, өз діндерінің жетекші кейіпкерлерінің образын жеткізіп отырды.

Катакомбалардағы кескіндемелердің орталық бөлігінде шопан бейнесі көрініс тапты. Әдетте, мұндай шопан қой немесе ешкі бағып жүрген секілді немесе сол қой, ешкісі арқасына асып жүргендей бейнеленетін. Бұның негізгі астарында Христос бейнесі жатыр. Қой ретінде дінге келуші христиандар бейнеленсе, Христос бейнесі сол қойларды бағып жүрген жетелеуші тұлға шопан ретінде кескінделеді. Жан-жағында Христос пен христиан дінінің символдық белгілері көрініс тапқан еді. Мысалы, феникс, көгершін, балық түрінде де бейнеленетін.

Феникс – Христостың қайта тірілуінің бейнесі деп таныды. Себебі, ежелгі Антика дәуіріндегі мифологияларының бірінде Феникс өзін-өзі өртеп жіберіп, күлінен қайта тіріледі деп сенген еді.

Көгершін – Христостың құдай алдында құлшылық жасаған киелі рухының бейнесі.

Катакомбалардағы кескіндемелік фрескалар

Балық Христостың символдық белгісі. Кеме де осы христиан дінімен, Христос бейнесімен байланыста шешім тапқан еді. Кеме – шіркеудің, теңіз – діннің бейнесі. Ал кемедегі ескек ескен адам сол шіркеуді дінге қарай бағыттаған тұлға деп білді. Христос бейнесі ғана жетекші рөл ойнаған жоқ, сонымен қатар, күрделі композицияларда кездесті. Олар мейлінше шарттылығымен ерекшелетін.

Бауырларының Иоанны теңізге тастау сәті, Катакомбалардағы кескіндемелік композиция. Дәл осы композициядан оқиғаның басынан аяғына дейін толық өрбу сәтін, цикл бойынша бір форматтан көреміз. Фреска оң жақтан солға қарай оқылады. Кемеден Иоанны бауырлары лақтырып жатыр. Біз теңізде жүзген құбыжықты көріп тұрмыз. Иоанны суға тастаған сәтте құбыжық оны жұтады. Су құбыжығы кері қарай бұрылып, жұмаққа барып Иоанны құсады. Жұмақты ерте христиан кезінде барынша шартты түрде тек жүзім жапырақтарымен жеткізген болатын. Жүзім жапырақтары есімізде болса, антикалық Грек мәдениетінде шарап құдайы Дионистің символдық белгісі болатын. Ол әрқашан жүзім жапырағымен, жүзіммен бірге бейнеленетін. Оқиға неге жұмақпен аяқталады? Не себепті Иоанны өлтірген бауырлары жазаланбайды? Өйткені Иоанн жер бетіндегі дін жолындағы азаптарының сыйы ретінде жұмақты қабыл алды. Оған жұмақ сыйға берілді. Бұл жерден жазалау сәтін көрмейміз. Керісінше, өліммен болса да жұмаққа жеткен Иоанның жеңісін ғана тамашалай аламыз. Кейіннен Иоанн саркофагінде де осындай композицияны көреміз. Өкінішке қарай, бізге дейін ол саркофагтің қалған үш қабырғасы сақталмаған. Біз бергі беткі алдыңғы қабырғасын ғана тамашалай аламыз.



Иоанн саркофагі

Бұл саркофақта да суретші күрделі рельеф арқылы дәл осы циклдық бейнелеу әдісін пайдаланады. Бір жағынан ярусты, бір жағынан циклдық бейнелеу әдісінің куәгері боламыз. Мұнда да Иоанның азаптары, Мұсаның тастан от шығаруы Нұх пайғамдардың ерліктері осы екі ярусты рельефте бірінен соң бірі бейнеленіп шешім тапқан болатын.

Ерте християндық катакомбалардың ішінде жиі кездесетін бейнелердің бірі бұл «оранта» бейнесі. «Оранта» атауы сәл болса да Ежелгі Қосөзен мәдениетіндегі «адоранта» атауымен ұқсастық табады. Енді екі бейнені салыстырып көрейік. Адоранта Қосөзен мәдениетіндегі ғибадатханада отырып, мәңгі құлшылық жасаушы пенденің мүсіні. Ол үнемі бүкшиіп, көздері шарасынан шыға бақырайып құлшылық жасау үстінде бейнеленетін. Көздерін бақырайтып бейнелеу арқылы сол пенденің құдай алдындағы үрейі мен қорқынышын көрсеткісі келген болатын. Ғибадатханаға адам келмесе де адоранта олар үшін ұдайы құлшылық үстінде болатын. Енді орантаға назар салсақ. Оранта катакомба кескіндемесінде құлашын кере, екі қолы мен алақандарын көкке бағыттап дұға жасаған адам бейнесі. Оның да көздері шарасынан шыға бақырайтып көрсетілген болатын. Ерте христиандық суретші де осы арқылы адамның құдай алдындағы шынайы бейнесін, үрейін, қорқынышын көрсеткісі келді.

Христиан дінінің алғашқы кезеңінде бейнелеу өнерін таңдандыру немесе тамсандыру құралы ретінде емес, керісінше насихат құралы ретінде пайдаланды. Дін құдіретті. Күнә жасаған ісің үшін ол жазалай алады. Жазалау бұл дүниеде болмаса да міндетті түрде о дүниеде жүзеге асатынын осы бейнелеу тілі арқылы, христиандарды қорқытып, үрейлендіру құралы ретінде пайдаланды. Осылайша, діннің құдіретін сездірген болатын. Ерте христиан бейнелеу өнерінде Иисус Христостың құлшылыққа құмарлығы мен сол құлшылық пен дін жолында тартқан азаптары әрқашан шартты берілген болатын. Осы орайда Иисустың шопан ретінде бейнеленгенін де айтып кеткенбіз. Кескіндемемен қатар дәл осындай бейнелер, мүсіндік рельефтер мен саркофагтердің сыртқы қабырғаларында да көрініс тапты. Мысалға келтірер болсақ, Христостың азаптарын бейнелейтін «Христостың азаптары» деп аталатын саркофагтің бір бетіндегі қабырғасында екі яруста шешім тапқан. Әсіресе, сол азаптарды шиеленістіріп көрсететін тұстарын спираль тәрізді иірілген баған діңгектерінен де көре аламыз. Сонымен қатар, бағандар арқылы белгілі бір бөліктерге бөле отырып, суретші Иисус Христостың қиындықтарын да шартты түрде бейнелейді. Мысалы, оның крестті көтеріп бара жатқаны, Рим әскерлерінің қолына түсуі, өте қарапайым шешім табады.

«Үш шопан» саркофагі

Келесі үш шопан атты саркофагтан біз өте күрделі шиеленіскен рельефті көреміз. Композицияның екі жағын және орталық бөлігін қой арқалаған шопан бейнесі бірізді қайталаанады. Алайда ая жүзім жапырақтарымен тұтасып бейнеленген. Арасынан сол жүзім жапырақтарына ұмтылған кішкене сәби бейнелерінде көреміз. Бұл жерде де Иисус Христос шопан бейнесінде беріледі. Ал ол ұлықтаған христиан діні жүзім жапырақтарының формасында шешім тапқан. Сол дінге ұмтылушылар, дінді қабылдаушылар пәк сәби секілді таза күйіндегі бала бейнесімен астасып көрінеді. Шопан бейнесі өткен дәрістерімізде айтып кеткеніміздей антикалық Грек мәдениетімен байланыс табады. Архаикалық дәуірге бір сәт көз жүгіртетін болсақ, біз бұзау арқалаған Мосхофор мүсіні туралы айтқан болатынбыз. Композициялық құрылымы жағынан ерте христиан кезеңіндегі бейнелеу өнерінде жиі кездесетін шопан бейнесімен ұқсастық табады. Констанцияның саркофагінде ғалымдар христиандық бейнелеу өнерінің нышандарының біріне жатқызады. Әрине, нақты айту қиын, дегенмен де иіріліп, өрнекті спираль тәрізді келген Констанция саркофагінің сыртындағы жүзім жапырақтарының гирляндары тағы да болса грек антикалық мифологиясымен байланыс таба отырып, түп мазмұны мен құрылымында христиан дінінің құндылықтарын тарқатады деген болжамдар жасайды. Ерте христиан өнері мен кескіндемесі осындай шартты, барынша символикаға негізделген, схематизацияланған, жинақталған құрылымымен ерекшеленді. Бұл кезең өнерін арнайы біліммен қаруланбайынша оқып, түсіну мүмкін емес. Мұндай ақпаратпен қаруланбаған адам көрген жерден антикалық



өнердің бір кезеңін тамашалап отырмын деген ойда қалары анық. Алайда әрбір детальдың, әрбір бейненің, әрбір заттың түп мағынасына, ішкі астарына үңіле келе біз Рим империясының соңғы кезеңдерінде күрес жүргізіп жатқан христиан дінінің өз алдына даралану сипаттарын көреміз. Бұл кезең өнері де өзіндік құндылықтарымен ерекше.

Ерте христиандық мүсін өнерінің жауһарларының бірі саналатын Юния Басс саркофагі. Саркофаг жалпы сыртқы құрылымында антикалық грек ғибадатханаларына ұқсайды. Тіктөртбұрышты ұзыннан созылған формасы екі яруста шешіліп, аралары бағандармен жіктелген. Бұл бағандардан біз дорилік немесе ионилік ордерлерді көрмейміз. Керісінше, ежелгі Рим уақытында шешім тапқан күрделі композиттік коринфтік ордерлерді көреміз. Коринфтік ордер жапырақ өрнектерімен безендіріліп, күрделі шешім тапқан болатын. Екі ордермен жіктелген бөлікте жеке сюжет баяндалды. Мұндай бөліктерден Адам ата мен Хауа ананың жаратылуынан бастап Иисус Христостың христиан дінінің ең жетекші тұлғасына айналғанына дейінгі оқиғалар баяндалған. Төменге назарымызды салсақ, екінші бөліктен біз Адам ата мен Хауа ананың жаратылуын және олардың жұмақтағы бейнесін көреміз. Орталарында таным ағашы бейнеленген. Таным ағашын бойлай өрмелеп бара жатқан жыланды да көзіміз шалады. Жылан Ібілістің бейнесі Адам ата мен Хауа ананы азғырады. Христиан дініндегі алғашқы көне өсиеттегі сюжеттер тақырыптық тұрғыда осы Юния Басс саркофагінде тарқатыла бастайды. Келесі бір сюжеттен есекке мініп, Мысырға жол тартқан Иосифті көреміз. Иосифке Марияның некесіз ұл табатындығы жайлы аян берілген болатын. Сондықтан халықтың қудалауына ұшырамас үшін, Иосиф астыртын, түн жамылып Мысырға қоныс аударады. Екінші бөлік дәл осы сюжетті барынша қысқаша баяндайды. Келесі бөліктер Иисус Христостың дін тарату жолындағы ерліктерін, оның шәкірттерінің, дін жолындағы миссионерлер мен апостолдардың бейнесі тұрғысында көрініс тапқан болатын. Бейнелеу өнерінен әлі адамды таңғалдыру немесе оған бір нәрсені үйрету секілді мазмұндарды көрмейміз. Дәл осы уақытта христиан дініне бірінші болып қарапайым халық назар аударып, қабылдай бастаған болатын. Ал бұл халықтың арнайы білімі, кейде тіпті сауаты да болмаған еді. Сондай халыққа діннің негізгі құндылықтарын, оның талап-шарттарын, негізгі тұлғаларын кейіпкерлерін таныту үшін бейнелеу өнерінің маңызы зор болды. Оны жүргізіп отыру үшін, халыққа насихат ретінде пайдалану үшін астарлы тұстарын барынша кодтап, құпиялап жеткізу жағын мейлінше тереңірек қарастырады. Ерте христиан өнері кейіннен Византия тұсында V ғасырда кеңінен өркендеп, қанатын кеңге жая бастайды. Византия христиан мәдениетінің, христиан өнерінің алтын ғасыры саналады. Соның негізін, алғышартын жасаушы ретінде катакомба өнері өзіндік құндылықтарымен ерекшеленеді.